

наследодателю, утратившему свою правоспособность, также как и наследникам, которые с момента открытия наследства не становятся его обладателями, а лишь призываются к его принятию. Однако такое состояние является кратковременным. Оно длится лишь до тех пор, пока наследство не будет принято наследниками либо не перейдет к государству как выморочное.

Очевидно, что нормы наследственного права требуют постоянного обновления и реформирования. Это позволит обеспечить высокий уровень регулирования наследственных отношений, который будет соответствовать новым социально-экономическим условиям, сложившимся в Казахстане.

#### Список литературы:

1. Гражданский кодекс Республики Казахстан от 1 июля 1999 года № 409-І (Особенная часть) (с изменениями и дополнениями по состоянию на 05.10.2018 г.)//[http://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=1013880](http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1013880)
2. Гражданское право. Учебник. Ч.3 / Под ред. А.П. Сергеева, Ю.К. Толстого.- М.: Проспект, - 1998.-289с.
3. Закон Республики Казахстан от 10 июня 1996 года № 6-І «Об авторском праве и смежных правах» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 20.06.2018 г.)//[http://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=1005798#pos=321;-12](http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1005798#pos=321;-12)
4. Нормативное постановление Верховного суда от 29 июня 2009 года № 5 "О некоторых вопросах применения судами законодательства о наследовании» (с изменениями на 31.03.2017г.)//[http://online.zakon.kz/document/?doc\\_id=30425715](http://online.zakon.kz/document/?doc_id=30425715)
5. Закона Республики Казахстан от 21 июня 2013 года № 105-V«О пенсионном обеспечении в Республике Казахстан»//[http://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=31408637](http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31408637)
6. Птушкина О.А. Исполнение завещания: правовые проблемы теории и практики. Диссертация на соискание ученой степени к.ю.н – Москва, 2007.- 113с.

### ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАУЛАРДЫ ШЕШУДЕГІ ТӨРЕЛІКТІҢ МӘНІ

*Асетова Г.Б., з.ғ.м., Академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ-нің азаматтық және еңбек құқығы кафедрасының аға оқытушысы*

*Полатова К. А. Академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ-нің заң факультетінің 3 курс студенті*

Халықаралық экономикалық қатынастардың белсенді дамуы кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің көп саны әр түрлі мемлекеттердің аумағында инвестициялық және өзге де қызметті жүзеге асыратынына, ал инвестицияларды қабылдайтын елдің және шетелдік инвестордың өзара байланыстары одан сайын күрделенуіне әкеп соғады. Бұл халықаралық шаруашылық қызметке қатысушылар арасындағы даулар санының артуына алып келеді.

Қазақстан Республикасының әлемдік шаруашылыққа кіруі және экономиканың республикадағы нарықтық қатынастарға көшуі осы зерттеудің өзектілігін көрсетеді. Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін Қазақстан, сондай-ақ посткеңестік кезеңдегі басқа елдер сияқты өте қиын экономикалық жағдайға тап болды. Экономиканың түрлі салаларында жүргізіліп жатқан реформалар қолданыстағы құқықтық жүйені халықаралық стандарттарға сәйкес келетін жаңа, неғұрлым дамушы, жаңа жүйеге өзгерту мақсатын қойды. Тек экономикаға инвестицияланатын шетелдік капитал ғана экономикаға капитал салу саласында қалыптасқан олқылықты аман сақтап қалуға және толтыруға көмектесе алады.

Инвестициялардың тиімділігін қамтамасыз етудің негізгі факторларының бірі оларды заңнамалық бекіту, инвестициялық заңнаманың дамыған жүйесін және инвестициялық қатынастарды реттейтін құқықтық нормаларды іске асырудың пәрменді тетігін құру болып табылады.

Қазақстан Республикасында шетелдік инвесторларды тартуға байланысты бір жағынан шетелдік инвестор мен Қазақстан Республикасының жеке немесе заңды тұлғалары арасында екінші жағынан құқықтық қатынастар пайда бола бастады. Қазақстан Республикасының аумағында инвестициялық қызметті жүзеге асыру барысында инвестициялық даулар пайда бола бастады. Мұндай дауларды шешу құралы ретінде халықаралық коммерциялық төрелік үлкен мәнге ие болады, ол мемлекеттік соттармен салыстырғанда көптеген артықшылықтарға ие, олардың ең бастысы ол шарт бойынша қандай да бір тараптардың мүдделерін қорғау міндетімен және мемлекеттік соттарға тән даулы

құқықтық жағдайдың "ұлттық" көрінісі болып табылады. Бұл тұрғыдан төрелік бейтарап саты болып табылады, оның құзыретіне бірінші кезекте тараптардың өздері таңдаған әдістер негізінде тараптар арасында туындайтын дауларды шешу кіреді.

Қазіргі таңда барлық елдерде құқықтық дауларды шешуде баламалы тәсілдерді қолдану тәжірибесі кең етек алған, олар ресми әділ сотқа, мемлекеттің соттық жүйесіне балама болып табылады. Азаматтық – құқықтық қатынастардың әр түрлі салаларында осы рәсімдерді қолданудың кең етек жаюы олардың сан алуан нысандарының пайда болуына әкелді, олардың ішінде ерекше орынға төрелік ие

Дауларды шешудің баламалы өзегі ретінде төрелік мәселелерімен ғалымдардың ғана емес, сондай-ақ кәсіби тәжірибеленуші заңгерлердің де көп саны қызығушылық танытады. Олардың арасында Сүлейменов М. К., Мауленов К. С., Мороз С. П. сияқты танымал ғалымдардың еңбектерін бөліп көрсетуге болады, олар инвестициялық құқық және төрелік туралы ғылымға үлкен үлес қосты, дәл осы ғалымдардың жұмыстары бізге дауларды шешу үшін соттан тыс орган ретінде төреліктің ерекшеліктерін анықтауда, төрелік соттардың мемлекеттіктен айырмашылықтарын түсіндіруде көмектесті. Сонымен қатар, Басин Ю. Г., Грешников И. П., Виноградова Е. А. сияқты ғалымдардың төрелік тақырыбындағы мақалаларын атап өтуге болады. Қазақстан Республикасындағы төрелік соттардың жағдайын жария еткен.

Сондай-ақ инвестициялық дауларды қараудың жалпы тетігін белгілейтін бірқатар көпжақты халықаралық шарттар, конвенциялар, инвестициялық қызметті реттеу саласындағы өңірлік, екі жақты келісімдер бар, олар туындаған инвестициялық дауларды шешуге де қатысты. Бұл құжаттар қабылдаушы мемлекет пен шетелдік инвесторлардың арасындағы дауларды шешудегі бірыңғай тәсілдерді әзірлеуде үлкен маңызға ие.

Халықаралық коммерциялық қатынастардың әртүрлі түрлерін дамыту жағдайында дауларды шешудің ықтимал құралдары саласына қойылатын жаңа талаптар анықталады, атап айтқанда, халықаралық сауда саласында дауларды орналастыру рәсімі ретінде кеңінен таратуды тараптар арасында туындайтын даулар мемлекеттік сот емес, жеке тұлғалар - тараптар сайлайтын және тараптардың келісінде немесе заңда көзделген тәртіппен тағайындалатын төреші алады. Шын мәнінде төрелік және аралық сот бір құбылыстың екі атауы.

Арнайы заңды түсіндірмеде, арбитраж (ағылш. *arbitrage; arbitration*) – сот делдалының (арбиторының) көмегімен дауларды шешетін аралық сот, әрі тараптар аралық сотқа жүгінген кездегі, даулы істерді шешу тәсілі. Сонымен қатар, төрелік сот – азаматтық құқықтық қатынастардың (экономикалық даулардың) не болмаса басқару саласындағы құқықтың бұзылуынан, шаруашылық және кәсіпкерлік қызмет үдерісі кезінде туындаған дауларды шешу кезінде өз мәні бойынша сот билігін танытатын орган [1; 30].

Аралық сот (фр. *arbitrage*) - тараптар өздері сайлайтын немесе олардың келісімі бойынша не заңда белгіленген тәртіппен тағайындалатын аралық судьяларға (төрешілерге) жүгінетін «дауларды шешу тәсілі» [2; 80].

Қазіргі әлемде дауларды шешу рөлі өсіп келеді, бұл ең алдымен келісім-шарттар жасай отырып, төрелік талқылау сот талқылауынан жақсы деп санайтын түрлі елдердің ұйымдары мен фирмалары арасындағы экономикалық қатынастардың өсуімен байланысты. Бұл соттармен салыстырмалы түрде төрелікте бар артықшылықтарға негізделген. Бұл артықшылық ең алдымен істерді қарау мерзімдерінің қысқа болуынан, іс бойынша шешімдердің түпкілікті болуынан, барлық өндірістің салыстырмалы түрде қымбат емес бағасынан тұрады. Төрешілердің біліктілігі ең маңызды болып табылады, өйткені олар мамандардың арасынан және тараптардың өздері сайлайды. Сондай-ақ төрелік сотта іс жүргізудің жария еместігін де ескеру қажет, бұл ұйымдар мен фирмалар үшін аса маңызды артықшылық болып табылады.

Дауды шешудің баламалы құралдарын көздейтін келісім-шарттық ережелер болмаған барлық жағдайларда істерді қарауды судьялар мемлекеттік сот жүйесі жүргізеді. Осылайша, дау туындаған кезде зардап шеккен тарап құзыретті мемлекеттік сотқа жүгінуі тиіс, бұл ретте техникалық рәсімдерге, мысалы, құжаттарды аударумен, осы елдің тілі бар заңгермен және т. б. байланысты қиындықтар туындайды.

Бұл дәлелдер іскерлік әлемдегі халықаралық келісімге келу негізіне алынады, оның мәні мыналардан тұрады: халықаралық коммерциялық даулар халықаралық төрелік арқылы шешілуі тиіс, өйткені мұндай даулар мемлекеттік соттарда тиісті тиімділікпен шешілуі мүмкін емес.

Төрелік талқылау дауларды баламалы шешу тетігі ретінде әлемдік тәжірибеде кеңінен таралған және біздің елде кеңінен таралған. Қазақстан Республикасы іс жүзінде барлық негізгі төрелік сотқа

қатысты халықаралық, оның ішінде өңірлік конвенциялар мен келісімдерге де қосылды және оларды ратификациялады.

Мәселен, атап айтқанда, Қазақстанда қолданылып жүрген актілердің келесі нормалары болып табылады:

- Нью-Йоркте 1985 жылғы 10 маусымда қабылданған шетелдік төрелік шешімдерді тану және орындау туралы конвенция (Нью-Йорк конвенциясы);
- 1961 жылғы 21 сәуірде Женевада қабылданған сыртқы сауда Арбитраж туралы Еуропалық конвенция;
- Мемлекеттер мен басқа мемлекеттердің азаматтары арасындағы инвестициялық дауларды реттеу жөніндегі Конвенция (ICSID) (Вашингтон, 18 наурыз 1965 ж.);
- Шаруашылық қызметті жүзеге асыруға байланысты дауларды шешу тәртібі туралы келісім (Киев, 1992 жылғы 20 наурыз);
- ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің аумағында төрелік, шаруашылық және экономикалық соттардың шешімдерін өзара орындау тәртібі туралы келісім (Мәскеу, 1998 жылғы 6 наурыз);

Осы конвенциялар мен келісімдерге қосыла отырып, Қазақстан төрелік шарттар мен дауларды шешу тәртібі туралы келісімдерге ескертпелердің күшін мойындауға, сондай-ақ шетелдік және халықаралық аралық (төрелік) соттардың шешімдерін мойындауға және орындауға міндеттеме алды.

Қазақстан Республикасының заңнамасымен жеке және заңды тұлғаларға құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін аралық және мемлекеттік соттарға жүгіну құқығы берілген.

ҚР азаматтық заңнамасы тараптардың өзара келісім бойынша осы дауды мемлекеттік сотқа ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, төрелік соттың шешуіне беруге құқылы екенін белгілейді. Бұл ҚР Азаматтық кодексінің 9-бабында бекітілген [3].

Қазақстан Республикасының төрелік соттар туралы заңнамасы арнайы заң – «Төрелік соттар туралы» 2016 жылғы 8 сәуірдегі № 488-V Қазақстан Республикасының Заңынан, ҚР АПК тиісті тарауларынан және баптарынан, басқа да заңнамалық актілерден, ратификацияланған мемлекетаралық келісімдер мен конвенциялардан тұрады, төрелік соттардың қызметі заңға тәуелді актілердің нормаларымен реттеледі.

Қазақстан Республикасындағы төрелік соттар тұрақты жұмыс істейтін төрелік сот немесе ad hoc төрелігі деп аталатын нақты дауды шешуге арналған төрелік сот түрінде құрылуы мүмкін. Тұрақты жұмыс істейтін төрелік соттарды өз кезегінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеке және заңды тұлғалар құра алады.

«Төрелік туралы» ҚР Заңының 1-бабы мен ҚР АПК 24-бабына сәйкес төрелік сот шарттық және шарттан тыс дауларды шеше алады. Алайда кәметке толмағандардың, заңда белгіленген тәртіппен әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеттілігі шектеулі деп танылған адамдардың мүддесін қозғайтын даулар, оңалту және банкроттық туралы, табиғи монополиялар субъектілері мен олардың тұтынушылары арасындағы, мемлекеттік органдар, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің арасындағы даулар төреліктің қарауына жатпайды[4].

Төрелік, сондай-ақ кез келген басқа соттардың шешімдерін мәжбүрлеп орындау мүмкіндігі дауларды шешу процесінің аяқталуын қамтамасыз ететін ең маңызды белгілердің бірі болып табылады. Оған қарсы шешім шығарылған борышкер, егер ол шешімді өз еркімен орындамаса, өндіріп алушыда борышкерді сот, оның ішінде төрелік соттың шешімін орындауға мәжбүр ету үшін барлық қажетті құқықтық тетіктер бар екенін біледі.

Шетелдік төрелік шешімдерді тану және орындау саласындағы екі негізгі мәселе өзара түсіністік және жария тәртіп мәселелері болып табылады. Өзара түсіністік - атқарушы мемлекеттің мойындаудағы және орындаудағы өзіндік "келісімі" деп айтуға болады. Мұндай келісім үш тәсілмен көрсетілуі мүмкін:

- Көпжақты халықаралық шарт
- Екі жақты халықаралық шарт
- Ұлттық заңнаманы бұзу[5; 41].

ҚР АПК 23-бабына сәйкес, егер заңда, Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда немесе тараптардың келісінде өзгеше көзделмесе, шетелдіктер, азаматтығы жоқ адамдар, шетелдік ұйымдар қатысатын, сондай-ақ халықаралық ұйымдар қатысатын істер соттардың ведомстволығына, шетелдік соттардың шешімдерін, сот бұйрықтарын және төрелік шешімдерді тану және орындау туралы істер соттардың ведомстволығына, төрелік шешімдердің күшін жою туралы және осындай шешімдерді мәжбүрлеп орындауға жіберу туралы істер соттардың ведомстволығына жататындығы туралы ережені көздейді[6].

Бүгінгі таңда Қазақстан төрелік шешімдерді өзара түсіністік негізінде орындауға қатысты бірқатар келісімдер жасасты, бұл:

- 1992 жылғы 20 наурызда Киевте жасалған, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1992 жылғы 2 шілдедегі қаулысымен бекітілген Шаруашылық қызметті жүзеге асыруға байланысты дауларды шешу тәртібі туралы келісім. Бұл Келісімнің қатысушылары ТМД-ның барлық елдері болып табылады.

- Мәскеуде 1998 жылғы 6 наурызда жасалған және 1999 жылғы 30 желтоқсандағы Заңға сәйкес Қазақстан Республикасы бекіткен ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің аумақтарында төрелік, шаруашылық және экономикалық соттардың шешімдерін өзара орындау тәртібі туралы келісім[7; 5].

Шетелдік төрелік шешімдерді тану және орындауға келтірудегі екінші шешуші мәселе жария тәртіп туралы ұсыну болып табылады, оған қарама-қайшылық шетелдік төрелік шешімдерді танудан және орындауға келтіруден бас тарту үшін негіз болып табылады.

«Төрелік туралы» ҚР Заңында Қазақстан Республикасының жария тәртібі – Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде бекітілген құқық тәртібінің негіздері[4], яғни жария құқықтық тәртіпке бұзылмауы тиіс негізгі құқықтар мен бостандықтар, құқық пен әділдіктің түпкілікті қағидалары жатады.

Инвестициялық дауларды шешу жөніндегі халықаралық төрелік тетіктердің арасында 1965 жылғы Вашингтон конвенциясы негізінде құрылған инвестициялық дауларды реттеу жөніндегі халықаралық орталық ерекше орын алады. Инвестициялық дауларды реттеу жөніндегі халықаралық орталықтың халықаралық коммерциялық төрелік пен ұлттық соттардан бірқатар елеулі айырмашылықтары бар. Инвестициялық дауларды реттеу жөніндегі халықаралық орталық көпжақты шартқа байланысты даудың туындауын және мәлімделген талаптың сипатын негізге ала отырып, заңды инвестициялық дауларды шешуге шектеусіз құзыреті бар жалғыз орган болып табылады.

Қазақстан іс жүзінде барлық халықаралық және аймақтық конвенцияларға, соның ішінде 1965 жылғы Вашингтон конвенциясына да қатысты, бұл әрине, ҚР ішкі заңнамасына әсер ете алмады.

Қорытынды жасай отырып, халықаралық коммерциялық қатынастардың әртүрлі түрлерін дамыту жағдайында дауларды шешудің ықтимал құралдары саласына қойылатын жаңа талаптар анықталуда. Бұл тұрғыда сот төрелігінің барлық мемлекеттік жүйесі халықаралық сауда айналымының өзіндік құқықтық қатынастарына бейімделе алады. Сондықтан халықаралық сауда саласында дауларды шешу рәсімі ретінде мемлекеттік соттарға қарағанда туындаған даулы жағдайды неғұрлым тиімді шешуге қабілетті төрелік іс қарау кеңінен таралып отыр.

Сондай-ақ төреліктің артықшылықтарының арасында даудың қаралу мерзімін, іс жүргізудің жария еместігін, төрелік шығарған шешімдердің мәжбүрлі орындатуға жататындығын да бөліп көрсету қажет.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Насырова М.Р., Гуляева С.П. Орысша – қазақша заңдық түсіндірме сөздік – анықтамалық.- Алматы: «Жеті жарғы», 2008.- 764 б.
2. Басин Ю. Г., Виноградова Е. А., Грешников П. Я. и др. Международный коммерческий арбитраж: Сб. статей и документов на русском и английском языках/ Отв. ред. И.П.Грешников Алматы: Юридический центр "IUS", 2002 –515 б.
3. Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі (Жалпы бөлім) 1994 жыл 27 желтоқсан.- Алматы: ЖШС «Издательство «Норма-К», 2017.-368 б.
4. «Төрелік туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2016 жылғы 8 сәуірдегі № 488-V//<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1600000488>
5. Мухамеджанов Э. Б. Халықаралық коммерциялық төрелік құқықтық реттеу // Экономика Қазақстан құқығы. -№2. - 2007. – Б. 40-42.
6. Қазақстан Республикасының Азаматтық процесілік кодексі- 2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V//<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000377>
7. Есімханов Е. Некоторые вопросы, связанные с арбитражным соглашениями в международном коммерческом арбитраже// Экономика и право. - №5. - 2006. – Б. 3-7.